



УДК 343.7  
МРНТИ 10.77.51



**КАЙЫРЖАНОВА ДИНА ҚАЙЫРКЕЛДІҚЫЗЫ<sup>1</sup>**  
*<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.*

### **МҰНАЙ ҰРЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Түйін.** Мұнайдың көлеңкелі айналымының нәтижесі, бюджет кірісінің жоғалуына, ақша қаражатының елден кетуіне, халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуіне, инвестициялық жағдайдың нашарлауына алып келеді. Қарастырылып отырған қолсұғушылықтар қиын әлеуметтік-кері құбылыс болып табылып, және көптеген әр түрлі себептердің кешенімен анықталады (құқықтық, әлеуметтік, экономикалық, ұйымдастырушылық және т.б.). Сонымен қатар, мақалада себептердің әсері нәтижесінде пайда болатын негізгі мәселелер көрсетілді және ұйымдастырушылық тұрғыдағы ұсыныстар келтірілген.

**Түйінді сөздер:** мұнай, мұнай өнімдері, мұнай ұрлау, құқықтық факторлар, тасымалдау, алдын-алу, кешенді бақылау, ұйымдастырушылық шаралар.

**Аннотация.** Теневой оборот нефти влечет существенные потери доходов бюджета, отток денежных средств из страны, снижение благосостояния населения, ухудшение инвестиционного климата. Рассматриваемые посягательства представляют собой сложные социально негативные явления, определяемые комплексом многочисленных и разнообразных факторов (правовые, социальные, экономические, организационные и т.д.). Автором изучены основные проблемы, возникающие в результате воздействия факторов и даны отдельные предложения организационного характера.

**Ключевые слова:** нефть, нефтепродукты, хищение нефти, правовые факторы, транспортировка, предупреждение, комплексный контроль, организационные меры.

**Annotation.** Shadow oil turnover entails significant losses of budget revenues, outflow of money from the country, a decrease in the welfare of the population, a deterioration in the investment climate. The encroachments considered are complex socially negative phenomena determined by a complex of numerous and diverse factors (legal, social, economic, organizational, etc.). The authors cite the main problems that arise as a result of the influence of factors, and give individual proposals of an organizational nature.

**Key words:** oil, oil products, oil theft, legal factors, transportation, prevention, integrated control, organizational measures.

Отын-энергетикалық кешен (бұдан әрі – ОЭК) Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатында басты рөл атқарады. Елімізде мұнайдың, газдың, көмірдің, уранның және жаңартылатын энергия көздерінің бай ресурстары бар.

ОЭК салаларының өнімдерін сатудан түсетін кірістер Қазақстанның инфрақұрылымын белсенді дамытуға, озық технологиялар трансферлерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, экономиканы инновациялық дамытуға ықпал етеді, еңбек етуге қабілетті халықтың едәуір бөлігін жұмыспен қамтуға кепілдік береді, әлеуметтік саланы дамытуға ықпал жасайды [1].

Қазақстан экономикасының дамуы үшін мұнай мен газдың орны бөлек. Сондықтан мұнайды ел экономикасының дамуы үшін, халқымыздың тұрмысы мен жағдайының жақсаруы үшін дұрыс пайдалану керектігін, мұнайдан түсетін барлық табыс халықтың игілігіне жаратылуы тиіс екендігін ескеріп, мемлекет басшысы әрдайым мұнай-газ саласына үлкен көңіл бөлуде.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында – Қазақстанның мұнай-газ кешені күллі экономиканың локомотиві болып табылатыны және басқа салалардың дамуына ықпалын тигізетінін атап өтті [2].

Алайда тез әрі қомақты көлемде пайда табу мақсатында елімізде, мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу саласында заңсыз әрекеттер тіркелуде.

Еліміз бойынша мұнай өнімдерін өндіру мен өңдеу көлемдерінің статистикалық мәліметтері және мұнайды экспорттау бойынша кеден органдарының мәліметтерімен салыстыру нәтижесінде 40-қа жуық ұйымдармен өндірілген өнімге қарағанда, айналымға шығатын өнімнің артқаны анықталды.

Еліміздің құқық қорғау органдарымен 2014-2017 жылдары және 2018 жылдың 6 айы аралығында ҚР Қылмыстық кодексінің (Ұрлық, 188 б. 4 тармағы 2-тармақшасында (2) мұнай-газ құбырынан), (197 б., Мұнайдың және мұнай өнімдерінің заңсыз тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу саласында) қарастырылған 850 қылмыстық істер тіркелді. Оның ішінде 551 (64,8%) іс сотқа жіберіліп, ақталмайтын негізде 88 (10,4 %) іс тоқтатылып, 167 (19,6 %) іс бойынша мерзімдер үзілді [3].

Республика көлеміндегі осы қылмыстар бойынша статистикалық мәліметтер, мұнай ұрлаумен айналысатын қылмыстық топтардың ел экономикасына үлкен зиян келтіріп жатқандығын айқындап тұр.

Себебі, мұнайдың көлеңкелі айналымының нәтижесі, бюджет кірісінің жоғалуына, ақша қаражатының елден кетуіне, халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуіне, инвестициялық жағдайдың нашарлауына алып келеді. Осының бәрі мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың нәтижелі орындалуына қауіп төндіретіндігі баршамызға белгілі.

Негізгі мақсат ретінде мұнай және мұнай өнімдерінің ұрлауына себепші болатын жағдайларын зерделеу арқылы, бұл қылмыстық құрамының алдын-алуының ұйымдастырушылық, құқықтық және т.б. жолдарын анықтау болып табылады.

Мұнай ұрлаудың құқықтық мәселесін отандық және шет ел ғалымдарының ғылыми еңбектерінде зерттелді. Мысалы: з.ғ.д., доцент Б.К. Шнарбаев Ресей Федерациясы, Әзірбайжан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Біріккен Араб Әмірліктері мемлекеттерінің мұнай-газ саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету заңнамасының салыстырмалы-құқықтық талдауын жүзеге асырып, әр елде мұнай-газ кешенінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үлкен маңыз берілетінін көрсетеді [4], з.ғ.к. П.В. Бикетов мұнай ұрлау проблемаларының кешенді тал-



дауын жүзеге асырып және қылмыстың болашақтағы даму үрдісін болжап, мұнай-газ саласындағы ұйымдасқан қылмыстың жаңа деңгейіне шығып, тек экономикалық қауіпсіздіктің ғана емес ұлттық қауіпсіздіктің де мәселесі екенін анықтады [5]. Бұл мәселе жайлы А.И. Бочаров өз мақаласында мұнай және мұнай өнімдерін ұрлау әдетте оларды сақтау және тасымалдау кезінде жүзеге асырылатынын және отын-энергетика саласындағы қылмыстық қол сұғушылықтың алдын-алу тиімділігіне, жедел жағдайларға тез арада жауап бере алатын, мамандандырылған бөлімшелерді құру жолымен, сондай-ақ құқық қорғау және қызығушылық танытқан мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасты нығайту арқылы жетуге болатынын баяндайды [6].

Демек, ғалымдардың ойларын сараптай келе, мұнай мен мұнай өнімдерін ұрлау мәселесін азайту және алдын-алуға байланысты шараларды мемлекет және мемлекет аралық деңгейде, үздіксіз құқықтық және ұйымдастырушылық жұмыстарын жетілдіре отырып жүзеге асыруға болатыны анықталды.

Мұнай мен мұнай өнімдері құбырларынан қылмыстық жазаланатын ұрлық және басқа жымқыру түрлері жоғары қауіптілікті көрсетеді.

Бұл қылмыстардың жоғары қауіптілігі бірнеше құқық қорғау объектілерге қол сұғушылық және мұнай мен мұнай құбырларын жарамсыз ету, қоғамға қауіпті көптеген зияндарын тигізуімен қатар, ұйымдасқан қылмыспен ара-қатынас сияқты – өзге де дербес қылмысты жүзеге асырумен байланысты.

Бұл әрекеттер экономикалық жүйенің тұрақтылығы мен орнықтылығына нұқсан келтіреді, экономиканың өсуіне кедергі болады, негізгі экономикалық жүйелердің дұрыс қызметін бүлдіреді, т. с. с. зардаптары көп.

Жалпы заңға қарсы әрекеттер және қарастырылып отырған қылмыстар көптеген және әр түрлі себептер-

мен детерминацияланған қиын әлеуметтік теріс құбылысты білдіреді. Оның ішінен экономикалық, саяси, құқықтық, әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастырушылық, техникалық себептерін бөліп қарауға болады.

Бұл мүлікке қол сұғушылықпен ең тиімді күресу жолдарының бірі деп, оның алдын-алуға бағытталған шаралар болып табылады, деп есептейміз.

Қысқаша атап өтсек, қарастырылып отырған әрекеттердің негізгі экономикалық себебі мен шарттарына: жұмыссыздық және халықтың еңбекпен қамтылуының, әсіресе ауылды елді мекендердегі тұрғындардың әлі де әлеуметтік деңгейінің төмендігі болып табылады. Бұл қылмыс түрінің саяси себептері: меншікке қарсы жасалатын қылмыстармен күресу саясатын жетілдіруді талап ететіні және сыбайлас жемқорлықтың кері әсерлерінің бірі деп тануға болады. Қарастырылып отырған қылмыстардың себебі: тиісті деңгейде реттейтін құқықтық актілердің дұрыс реттелмеуі болып табылады. Әлеуметтік-психологиялық себепке: мүліктік қажеттіліктердің жоғарылығы; аталған қылмыс үшін жауапкершілікке тартылу мүмкін екендігіне немқұрайлы қарау. Ұйымдастырушылық себеп: меншікке қарсы қылмыстардың жаңа формаларын тергеуінің жаңа тиімділігі жоғары технологиялардың тапшылығы. Аталған қылмыс категориясының күнделікті тергеу әдістерін қолдану әдетте тұлғалар кінәсін, қажетті айғақтарын анықтау және бекітуді қамтамасыз етпейді. Техникалық себептер: қылмыстың алдын алу және шара қолдану үшін арналған техникалық құралдарының, құбыр желілерінің, сондай-ақ тасымалдау көліктері мен бақылау бекеттерінің барлық мүмкіндіктері толық қолданылмайды. Мүліктік салада қоғамға қауіпті жағдайдың таралуына әсерін тигізетін әр түрлі себептер кешенінің арасында ең үлкен мән экономикалық және құқықтық себептерге сәйкес келеді.

Криминалдық құрылымдардың мұнайды тасымалдау және қайта өңдеуге қызығушылығы жоғары рентабельдігімен байланысты. 2015-2017 жылдар аралығында мұнай саласындағы қылмыстар нәтижесінде келтірілген шығын 722897,142 млн. теңгеден асады. Көрсетілген мерзім аралығында шығындардың тек 7,1 % (51 284,5 млн.тг.) ғана орыны толтырылды [7].

Қазақстанның мұнай өндіруші мемлекет екенін ескерсек келтірілген сандар, бұл саладағы нақты криминогендік жағдайды толық көрсетпейді.

Жоғарыда көрсетілген экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық себеп-салдарынан мұнай және мұнай өнімдеріне байланысты бүгінгі таңда жымқырудың келесі жолдары туындап отыр:

– есепке алуды автоматтандыруды талап етілуіне қарамастан, көп жерлерде әлі де ескі әдістерді қолдануда, шикізат ұңғымалардан орталықтандырылып бақыланбайды, бөлек ыдыстарға құйылады. Бұл ұрлық жасайтын жұмысшыларға мұнайдың бір бөлігін жасырып сатуға мүмкіндік береді;

– мұнай қараусыз қалған немесе өндірісі тоқтатылып тұрған кең орындарынан да ұрлануда;

– кейбір компаниялар технологиялық шығындар мен жеке қажеттілікке мұнайдың үлкен көлемін есептен шығарады, бұл жағдай мұнай өндіруші компаниялардың жұмысшылары тарапынан ұрланған шикізатты шығын түрінде жасыруға мүмкіндік береді;

– мұнай және мұнай өнімдерін ұрлау қылмыстары көп жағдайларда мұнай тасымалдаушы автокөліктерін қолдану арқылы жүзеге асырылады;

– ұрланған мұнай жалған құжаттар жасау арқылы, сондай-ақ мұнай құятын терминалдар мен қуаты аз мұнай өндіру зауыттарын пайдалану арқылы заңдастырылады;

– рұқсат беру процедураларын сақтамау үшін мұнай елімізден құрамында мұнайы бар өзге мұнай

өнімі түрінде шығарылады. Ол үшін құрамы болмашы өзгертіледі. Белгілі бір заттарды қосады немесе алады. Сөйтіп, құрамында мұнайы бар бір өнім алады да, оған атау береді, ұйым стандарты деп аталатын сапа паспортын әзірлейді. Бүгінде ұйым стандарттары бар мұнай өнімдердің 100-ден астам түрлері бар. Шын мәнінде, бұлар да сол мұнай. Айтылған айла-амалдар, жаңа аталғандай, шектеулерді айналып экспорттау үшін жасалады [8].

Көрсетілген мәселелердің алдын-алу үшін бірқатар ұсыныстар енгіземіз:

– мұнай өндірудің тек қана автоматтандырылған есебін жүргізуді пайдалану, қазір заңнама автоматтандырылғанмен қоса есептің басқа тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Көп жағдайларда автоматтандырылған өлшемдік құрылғыларды қалдыруды ұсынамыз. Сонымен қатар, оларға бірыңғай талаптар бекіту қажет;

– кен орындарын қорғау бойынша заманауи технологиялар қолдану. Кен орындарынан мұнай ұрлау жағдайлары қазіргі күзет тәсілдерінің тиімсіздігін көрсетеді. Негізі мұнай ұрлығы сол саланың жұмысшыларымен, күзетшілерімен байланысты. Кейде бұрғылау жұмыстары тоқтап тұрған мұнай ұңғымасы дұрыс бекітілмеу салдарынан да мұнай ұрлығының жасалатындығы белгілі. Осыған байланысты объектілерді қашықтықтан бақылайтын заманауи, электрондық күзет жүйелерін пайдалану ұсынылады. Қозғалысты онлайн режимде бақылайтын, күзет аумағын фото және бейнежазбаға түсіретін, қауіптілік туралы хабарламаны үздіксіз бере алатын жүйелер қолданылғаны тиімді;

– мұнай өнімдерінің көлемдерін, олардың технологиялық шығындарын анықтайтын қолданыстағы жүйені және оларды бекітуді нормативтік реттеу. Айқын есептеу әдістемелерін белгілеу, уәкілетті органдармен нақты есептерді келісу, мұнайды көлеңкелі айналымға тарту жағдайларын азайтады;



– мұнай тасымалдаушы автокөліктерді пайдалануға қашықтықтан бақылауды жүзеге асыру. Бүгінгі таңда олардың қозғалысына ешкім бақылау жүргізбейді. Сондықтан, мұнай тасымалдау қызметінің тек арнайы рұқсат негізінде көрсетілуін ұсынамыз. Ол үшін, меншік иелеріне мұнай тасымалдаушы көліктерінің қозғалысын тіркеу және оларды қашықтықтан бақылау жүйелерімен жабдықтауды міндеттеу ұсынылады;

– мұнай өнімдері мен олардың түрлеріне ұйым стандарттары мен тыйым стандарттарын әзірлеу және бекіту процедураларын нормативті түрде реттеу. Сондай-ақ оларды уәкілетті органдармен келісу немесе бекіту процедураларын іске асыру ұсынылады. Қолданыстағы ұйым стандарттарын да зерделеу және құзыретті құрылымдармен келісу процедурасын

тиімді пайдалану қажет. Балама шешім ретінде қолданыстағы барлық ұйым стандарттарының орнына бірыңғай стандарттарды енгізуге болады.

Қазақстан Республикасында отын-энергетикалық кешенінің қызмет етуі мен құқықтық қорғалуы мемлекет және құқық қорғау органдарының іс-әрекетінің негізгі басымды бағыты болып табылады, себебі еліміздің көп тауар өнімі осы салада өндіріледі [8].

Сол себептен, мемлекеттік саясаттың басымды міндеті болған және ең тиімді болып қала беретіні, қоғамның отын – энергетикалық әлеуетін тиімді пайдалану, табиғи байлықтарды рационалды және ұқыпты жұмсау, еліміздің табиғи ресурстарын сақтау үшін мемлекеттің бақылауын күшейту жөніндегі құқықтық шараларды жетілдіру, отын – энергетикалық кешеніне заңсыз араласудан құқықтық қорғау болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы [Текст]: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысымен бекітілген // «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан // (<https://kk.m.wikipedia.org>) – интернет источники.

3. 2014-2017 және 2018 жылдың 6 айына ҚСЖАЕК-нің статистикалық мәліметтері // ([pravstat.prokuror.kz](http://pravstat.prokuror.kz)) – интернет источники.

4. Шнарбаев, Б.К. Сравнительно-правовой анализ законодательства отдельных государств в области безопасности объектов нефтегазового сектора [Текст]: пособие. / Шнарбаев Б.К. – 2016 г. – пособие.

5. Бикетов, П. В. Криминологические меры противодействия хищениям нефти и нефтепродуктов, совершаемым на предприятиях нефтегазовой отрасли [Текст]: автореф. дис. канд. юрид. наук, / П.В. Бикетов. – М, 2009 г. – С.18-19 – автореферат.

6. Бочаров, А. И. Актуальные проблемы борьбы с преступностью в сфере незаконного оборота нефти и продуктов ее переработки [Текст]: / А. И. Бочаров. // Проблемы правоохранительной деятельности – 2007 г. – № 1 – С. 102-108. – журнал.

7. 2014-2017 жылдардағы ҚСЖАЕК-нің статистикалық мәліметтері // ([pravstat.prokuror.kz](http://pravstat.prokuror.kz)) – интернет источники.

8. Қазақстанда мұнай ұрлығына жол ашып отырған факторлар [Текст] / (<http://naryk.kz/қазақстанда-мұнай-ұрлығына-жол-ашып-о/>) – интернет источники.

9. Мұнай мен газдың көлеңкелі айналымы мәселелері, аймақаралық форумының материалдары [Текст]: – Ақтөбе, 2017ж. – материалы Академии.

10. Подчерняев, А.Н. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с хищениями нефти и нефтепродуктов в нефтяной отрасли [Текст]: автореф. дис. канд. юрид. наук / А.Н. Подчерняев. – М, 2007 г. – С. 14-16. – автореферат.